



«БІЗДЕ СЫРТҚЫ АРАНДАТУШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРАТЫН МЫҚТЫ ИММУНИТЕТ БОЛУ КЕРЕК»

– Бота Серікқызы, Мемлекет басшысының әр жылғы жолдауында шалғай аудандарды жандандыру, ауыл халқының тіршілігіне жан бітіру мәселесі үнемі назарда ұсталады. Өзіңіз жетекшілік ететін Ұйғыр ауданының қазіргі тыныс-тіршілігі қандай?

– Әрине, Президент жолдаулары тарихи маңызға ие. Сол тапсырмалар мен міндеттерді жүзеге асыруда біздің ауданда да сала-сала бойынша іс-шара жоспары жасалып, жұмыс атқарылууда. Мәселен бүгінде дүние жүзінде су көздері тартылып, күннен күнге суға деген тапшылық сезіліп отырғаны баршаға аян. Біз аграрлы аудан болғандықтан, су тапшылығына байланысты жер көлемін азайтпау және оны тиімді пайдаланып, өнім көлемін ұлғайту басты міндет болып саналады. Сол үшін тамшылатып суғару технологиясын тиімді пайдалануды басты мақсат етіп қойдық. Осындай әдісті пайдаланатын жер көлемін 4090 гектарға жеткіздік. Егер 2 жыл бұрын бұл әдіс тек 450 гектарға қолданылғанын ескерсек, әжептеуір нәтиже бар. Осы жұмысты жақын жылдары екі есеге көбейту жоспарлануда. Тамшылатып суғару технологиясының тағы бір пайдасы қажетті тыңайтқыштарды сол су арқылы жерге енгізуге жол ашылады. Сондықтан, диқандар өзіне қажетті минералдарды қыс бойы дайындап, көктемгі егіс науқанына зор дайындықпен келеді. Соның арқасында өнім түсімі жоғары, әрі сапалы болып, диқандар мерейі өсуде.

Диқандардың кәсібін дөңгелетіп, мол табысқа кенелгенін естіген ауылдастардың туған жерге оралып, «Дала аруы» аталған жүгері өсіруге құлшыныс танытып жүргені қуантады. Осы жылдың өзінде бұл өнімді өсіретін алқаптың 6040 гектарға дейін ұлғайғанын айта кеткен жөн. Мұндай іргелі істер мен толағай табыс жолдауда берілген сауатты бағыт-бағдармен тікелей байланысты.

Негізінен біздің жер жүгері дақылын өсіруге ыңғайлы.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘСКЕРИЛЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛЫН ЖИ БАҚЫЛАМАҚ



Әскер мен әскери қызмет, ондағы ахуал, сарбаздардың жай-күйі біраздан бері талқыдағы тақырыпқа айналды. «Баламды әскерге опат болсын деп жібермедім» деп жақында Астанада шеру жасаған аналардың да жанайқайы бұл салаға түбегейлі реформа қажеттігін көрсетті.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ ТҰТАСТЫҒЫ ПАШ ЕТІЛДІ

Түркияның астанасы Анкара қаласында орналасқан Түркі мәдениеті халықаралық ұйымының (ТҮРКСОЙ) штаб-пәтері мен шахардың қалалық кеңесінде бірінен кейін бірі өткен Олжас Сүлейменов шығармашылығына арналған «Олжас Сүлейменов. Масштаб. Планета. Жер» атты көрме, «Түркі әлемінің аналары: дәстүр және қазіргі заман» тақырыбындағы дөңгелек үстел және «Түркі әлемінің аналары» атты халықаралық көрме – өзара үндесіп, түркі мәдениетінің басты құндылықтарын толық бір арнаға тоғыстырды.



Көрмеге «ТҮРКСОЙ» ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Раев, ЮНЕСКО қамқорлығындағы «Мәдениеттерді жақындастыру орталығы» мемлекеттік музейі директорының орынбасары Салтанат Әшімова, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Түркиядағы өкілі Ержан Уәйіс, Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің төрағасы Назипа Ыдырысқызы бастаған делегация қатысты.

Көрме Олжас Сүлейменовтың бейнетаспа арқылы жолдаған сәлемімен ашылды. Мұнда заңғар ақын, түркология ғылымының терең білгірі «ТҮРКСОЙ» ұйымының өзіне зор құрмет ретінде осындай шара ұйымдастырғанына алғысын білдіре келіп, «ТҮРКСОЙ» жобалары әлем көшбасшыларының адамзат алдында тұрған өзара тәуелді шешімдерді естуіне мүмкіндік беретінін атап өтті. Ақын ұйымның беделі артқан сайын дүниежүзілік қоғамдастықтың Түркі халықтарының мәдениеті мен тарихына деген қызығушылығының да өсіп жатқанын байқағанын жеткізіп, ғалымдардың енді түркілердің тарихи ықпалы тақырыбына бет бұратынына сенім білдірді.


(Жалғасы 6-бетте)

3-бет



Салғырттықтың
салдары ауыр

4-бет



Погонды журналист:
криминалистің бір күні

8-бет



Ар жазасы – ақиқат айнасы

БЕЗБЕН

Әділдік пен заңдылықты қамтамасыз етудегі маңызды буын ретінде ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап елімізде жаңа кассациялық соттар өз жұмысын бастады. Олар азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша дербес кассациялық соттар ретінде құрылып, бүгінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда үздіксіз жұмыс атқарып келеді. Кассациялық соттардың басты міндеті – сот актілерін қабылдау кезінде заңдардың дұрыс қолданылуы мен түсіндірулерінің сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

КАССАЦИЯЛЫҚ САТЫДА ІСТЕРДІ ҚАЙТА ҚАРАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Нұрлан ӨМІРТАЙҰЛЫ,
Қылмыстық істер жөніндегі
кассациялық сотының
судьясы

Жаңа кассациялық сатының енгізілуі – сот жүйесін жаңғыртудың маңызды кезеңі. Ол сот төрелігіне қолжетімділікті кеңейтеді, азаматтардың құқықтарын қорғауға кепілдік бере отырып, құқық қолдану практикасының сапасын арттырады. Оларға сот істері мен материалдарын кассациялық сатыдағы сот ретінде қарай отырып, сот практикасын зерделеу, оның қорытындысы бойынша төмен тұрған саты

соттарында сот төрелігін іске асыруы кезінде заңдылықтың сақталу мәселелерін қарау жүктелген. Бұл істерді қараудың объективтілігін арттырып, өз кезегінде сот қателіктерінің ықтималдығын төмендетуге ықпал етеді.

Кассациялық соттарға келіп түскен барлық шағымдар іс жүргізуге қабылданып, мәні бойынша кемінде үш судьядан тұратын алқада қаралады. Соның нәтижесінде сот актілерін кассациялық тәртіпте қайта қарау соттың қалауы бойынша жүргізілмейді. Істерді кассациялық тәртіпте қарау мерзімі алты айдан аспайды.

Кассациялық соттар – төменгі саты соттарының сот практикасын біріздендіруге және құқықтық нормаларды біркелкі қолдануға бағыттай отырып, жалпы юрисдикциядағы соттар жүйесінде соңғы шешуші инстанция ретінде әрекет етеді. Дербес кассациялық соттардың құрылуына орай, енді Жоғарғы Сот жоғары сот органы ретінде сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге баса назар аударатын болады. Жоғарғы Сот судьясының бастамасы бойынша сот актілерін қайта қарау, егер оларды сот практикасына қайшы келетін жергілікті және кассациялық соттар қабыл-

даған ерекше жағдайларда мүмкін болады.

Кассациялық сатыда істерді қайта қараудың ерекшелігі ретінде, процестің толықтығы мен үздіксіздігін айта аламыз. Апелляциялық сатыдан өткен барлық қылмыстық істер бойынша берілген шағымдар мен наразылықтар тікелей кассациялық соттың алқалық отырысында мәні бойынша қаралады. Бұл қағида әрбір шағым бойынша істің жоғары сатыда кепілдендірілген түрде қайта қаралуына мүмкіндік береді, сондай-ақ тараптардың сот отырысына жеке қатысып, өздерінің дәлелдерін жеткізу құқығын қамтамасыз етеді.

Істердің кассациялық сотта қаралуына қатысты мәселелер бойынша «Қылмыстық істерді кассациялық тәртіппен қарауды регламенттейтін заңнаманы қолдану туралы» 29.05.2025 жылғы №1 ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысында қарастырылады. Кассациялық шағым кассациялық сотқа жіберілгенде кассациялық шағым берген адамның жеке басы туралы ақпараттар, шағым жасалған сот актілері және оларды шығарған соттардың атауы, сот актісінің қай бөлігінде немесе оған толық көлемде кассациялық шағым берілгенін, наразылық келтірілгенін көрсету, кассациялық шағымды берген адамның істі қарау барысында қатысатыны не қатыспайтыны жөнінде көрсету қажет. Кассациялық шағым, наразылық қылмыстық іс бұған дейін қай тілде жүргізілген болса, сол тілде берілуі тиіс. Сотталғандар кассациялық шағымды қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі арқылы береді.

Кассациялық соттар – сот жүйесінің маңызды буыны. Ол әрбір азаматтың заңды күшіне енген сот актісінің дұрыстығына күмән болса, жоғары деңгейдегі соттың бақылауға ие болуына кепілдік береді. Бұл өзгеріс сот шешімдерінің сапасын арттыра отырып, заңдылықты нығайтуға, азаматтардың құқығы мен бостандығын сот арқылы қорғауды қамтамасыз ете отырып, олардың сотқа деген сенімін арттыруға ықпал ететіні сөзсіз.

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫС ЖАЗАЛАУҒА ЕМЕС, ТӘРБИЕЛЕУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН

Құқықтық мемлекеттің нығаюы заң үстемдігінің салтанат құрып, ортақ тәртіптің сақталуына негізделген. Ал тәртіп айналады сыйлап, қоғамдық ортаға құрметпен қараудан басталады. Өкінішке орай, азаматтардың бәрі бірдей заңға бағынып, құқықтық мемлекетке тән талаптарды орындай бермейді. Соның салдарынан әртүрлі жауаптылыққа тартылып, жаза арқалап жатқандар аз емес. Және жасаған құқық бұзушылыққа сай азаматтарға заңдық жазаның берілуі қалыпты үрдіс.



Жаңа жазатүріне сай құқық бұзушы өз кінәсін еңбек арқылы өтейді. Бұл азаматты еңбекке баулуға, қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға, құқық бұзушылықтың алдын алуға және әр айыптының өз іс-әрекетінің салдарын түсінуіне мүмкіндік берері анық. Мұндай жаза адамды қоғамнан оқшаулауға емес, керісінше, қоғаммен байланысын нығайтуға бағытталған.

«Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық үшін қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы енгізілді.

Қоғамдық жұмысқа тарту – әкімшілік заңнамаға енгізілген жаңа новелла. Бұл жаза түрін қоғамдық қолданысқа енгізудің өзіндік мәні бар. Жалпы жаза мемлекеттегі мәжбүрлеу шараларының бірі екені мәлім. Яғни, жаза тағайындау мемлекеттегі қауіпсіздік пен тепе-теңдікті сақтауға, қоғамдық қатынастарды қорғауға бағытталады. Сонымен қатар, жаза тағайындаудағы басты мақсат кінәлі тұлғаны түзеу, қайта тәрбиелеу, жаңа құқық бұзушылықтардың алдын алу екенін есте ұстағанымыз жөн. Ал қоғамдық жұмысқа тарту жазасы – айыпты азаматтарды жазалаудан гөрі, тәрбиелеуді және әлеуметтік мүмкіндігін төмендетпеуді көздейді.

Жаңа жаза түріне сай құқық бұзушы өз кінәсін еңбек арқылы өтейді. Бұл азаматты еңбекке баулуға, қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға, құқық бұзушылықтың алдын алуға және әр айыптының өз іс-әрекетінің салдарын түсінуіне мүмкіндік берері анық. Мұндай жаза адамды қоғамнан оқшаулауға емес, керісінше, қоғаммен байланысын нығайтуға бағытталған. Сонымен қатар, қоғамдық сана мен тәртіпті де арттырады. Құқық бұзушыға еңбектің маңызын, моральдық жауапкершілікті сезіндіреді, жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді.

Әкімшілік жазаның жаңа түрін енгізуде азаматтардың қаржылық жағдайын қиындатпауға да көңіл бөлінгені

байқалады. Себебі қандай көлемдегі болсын айыппұл азаматтарға азды-көпті салмақ салатыны айтпаса да түсінікті.

Қазір қоғамдық жұмысқа тарту жазасының ізгілігін, оң тұстарын, заңдық тетіктерін көпшілікке таныстыру, түсіндіру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Азаматтар өздерінің игілігі, жеңілдігі үшін жасалған мұндай ізгі қадамдардан дер кезінде құлағдар болып отыруы тиіс. Бұл жазаның тәртібі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 49-1-бабында көзделген. Аталған бапқа сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартылған адам өзінің тұрғылықты жерінде орналасқан орындарда қоғамдық жұмыстарды орындайды. Мұндай жұмыстарды ұйымдастырып, қадағалау жергілікті атқарушы органдарға жүктелген. Ең бастысы, бұл жазаны тағайындауға құқық бұзушының өзі келісім беруі керек.

Қоғамдық жұмыстар жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ерлерге, он сегіз жасқа толмаған адамдарға, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан ерлерге, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрмайтын шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қолданылмайды. Ал мұндай мән-жайлар туындаған жағдайда, сот жергілікті атқарушы органдардың өтінішхаты бойынша азаматты қоғамдық жұмыстарды орындаудан босатады.

Осы тұрғыдан алғанда қоғамдық жұмысқа тарту тетігі әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіріп, азаматтардың жауапкершілікті арттырына сенім зор.

Лаура НҰРМАҒАНБЕТОВА,
Ақтау қаласы әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған сотының судьясы

СОТ СӨЙЛЕСІН

СУДЬЯ – ӘДЕПТІЛІК АЙНАСЫ

«Судья – сөйлейтін заң, ал заң – сөйлемейтін судья». Бұл тағылымды тіркес судьяның қоғамдағы рөлі мен мемлекеттегі маңызын толық айшықтап тұр. Шынында кез келген елдегі заңдылықтың сақталуы, әділеттің қалыптасуы, түптеп келгенде құқықтық, зайырлы мемлекеттің орнығуы да сот жұмысымен, судья тәуелсіздігімен тікелей байланысты.

Осыған орай сот саласы мен судьяларға барынша қолдау көрсетіліп, мәртебесін арттыру бойынша іргелі шаралар атқарылуда. Сәйкесінше, сот жүйесі мен судьялар да сол мәртебе мен құрметке мейлінше лайық, өз міндеттеріне барынша жауапты болуы керек. Ал мұндай жауаптылық тек білімді жетілдіріп, кәсіби шеберлікті арттырумен шектелмейді. Бұған қоса, әрбір судья өзінің қоғамдағы әділдіктің негізі, заңдылықтың айнасы екенін сезінуі тиіс. Сонымен қатар судьялар өзінің бет-бейнесімен, парасат пайымы, кісілік келбеті, адами әрекеттерімен айналасына үлгі көрсетуі маңызды. Мұның барлығы Судьялардың әдеп кодексінде жан-жақты дәйектелген.

Әдеп кодексі – әрбір судьяның жанқалтасында жүруі тиіс, жұмыс үстелінде үнемі тұруы қажет басты құжаттың бірі. Әдептілік пен зиялылықтың судья келбетіндегі маңызын бағалағандықтан болар, елімізде Судья әдебі кодексін қабылдауға қатысты қадамдар ерте кезден қолға алынды. Соның нәтижесінде тәуелсіздік жылдарында алғаш зерделенген, дайындалған заңнаманың қатарында осы Әдеп кодексі де бар. Бұл сот пен судья беделін мойындаудың нақты көрінісі.

Ең алғашқы судья әдебі кодексі 1996 жылы қабылданды. Осы жылы Республика судьяларының бірінші съезі ұйымдастырылып, тәуелсіз Қазақстан соттарының басты бағыт-бағдарлары айқындалғаны, негізгі мәселелердің таразы басына салынып, нақты міндеттер мен межелердің бекітілгені белгілі. Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған қазылар қауымы қызу талқылаған басты құжаттың бірі де сол жиында Әдеп кодексі болған еді.

Әлбетте, судья әдебі сот төрелігінің имиджін қалыптастыруда және халықтың сот жүйесіне деген сенімін қамтамасыз етуде басты рөл атқаратыны сөзсіз. Соған орай әдептілік әліппесі саналатын бұл кодекс бүгінге дейін бірқатар өзгерістер мен толықтыруларды басынан өткізді. Ақпараттық қоғам қойған талап үдесінен табылу үшін Судья әдебі кодексінің жаңғыртылып, жаңартылып оты-



Р.ИСМАИЛОВА,
Жамбыл облысы
Тараз қаласы
мамандандырылған тергеу
сотының төрағасы

руы қалыпты үрдіске айналды.

Ал былтырғы жылы өткен Республика судьяларының IX съезінде судьялардың қызметтік және қызметтен тыс іс-әрекеттерді жүзеге асыру барысында міндетті әдеп нормаларын белгілейтін жаңа Судья әдебі кодексі қабылданды. Мұнда судьялардың әдеп нормалары стандарттарын сақтауы арқылы қоғамның сот төрелігіне деген сенімін қалыптастыруға ерекше мән берілген. Сонымен қатар, судьяға кез келген азамат сияқты сөз, ар-ождан, бірлесу, ақпарат тарату бостандығын және басқаларды қоса алғанда, конституциялық құқықтар мен бостандықтарға кепілдік беріледі. Осы құқықтарды іске асыру барысында судья сот жүйесінің беделін сақтауды ұмытпауға және әдеп нормаларының бұзылуына жол бермеуге, өз тәуелсіздігіне әсер етуі мүмкін қарым-қатынастардан аулақ болуға тиіс.

Судья қоғамдағы кез келген жағымсыз мінез-құлықтан, жұртшылықтың алдында өзінің қадір-қасиеті мен жалпы сот жүйесінің беделіне нұқсан келтіретін барлық әрекеттерден сақ болуы қажет. Ең бастысы қарапайым халықпен қарым-қатынаста сыпайылық, ашықтық танытуы маңызды. Өйткені судьяның теріс әрекеті соттың бет-бейнесіне, объективтілігіне және тәуелсіздігіне кері әсер ететінін ұмытпаған абзал.

БІЛГЕН ЖӨН

ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ БОЙЫНША МІНДЕТТІ ТІРКЕУ

Қосылған құн салығы бойынша міндетті тіркеуге Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын резидент-заңды тұлғалар, резидент емес заңды тұлғалар (филиал, өкілдік арқылы қызметін жүзеге асыратын), жеке кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын тұлғалар жатады. Бұл ретте мемлекеттік мекемелер, резидент-заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ арнайы салық режимін қолданатын шаруа немесе фермер қожалықтары өздерінің осы арнайы салық режимі қолданылатын қызметі бойынша тіркеуге жатпайды.

Егер күнтізбелік жыл ішінде қосылған құн салығы бойынша тіркеуге қою үшін белгіленген айналым мөлшері ең төменгі шекті мәннен асып кетсе, қосылған құн салығы бойынша тіркеуге жататын тұлғалар белгіленген жері бойынша салық органына қосылған құн салығы бойынша тіркеу туралы салықтық өтініш беруге міндетті. Айналымның ең төменгі мөлшері тиісті қаржы жылының 1 қаңтарынан қолданыстағы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 20 000 еселенген мөлшерін құрайды (Қазақстан Республикасының Салық кодексі 82-бабының 1-тармағы).

Салықтық өтініш айналым мөлшері ең төменгі шекті мәннен асқан ай аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей қағаз түрінде жеке беріліп және электрондық түрде тапсырылуы тиіс. Электрондық түрде салықтық өтініш беру тәртібі тәуекелдерді басқару жүйесінде жоғары тәуекел деңгейі бар салық төлеушілерге қолданылмайды.

Қосылған құн салығы бойынша тіркеуге қою мақсатында айналым мөлшері мынадай айналымдардың жиынтығы ретінде айқындалады:

- 1) Салық төлеушінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді өткізу бойынша жасайтын айналымы (Салық кодексінің 370-бабында көрсетілген қосылған құн салығынан босатылған айналымнан басқа);
- 2) Салық кодексінің 373-бабына сәйкес резидент емес жұмыстар, қызметтер сатып алу кезінде жасалатын айналым;
- 3) Тауар қалдықтары түріндегі айналым (Салық кодексінің 370-бабында көрсетілген салық салынбайтын айналымнан басқа).

Егер сіздің айналымыңыз қосылған құн салығы бойынша міндетті тіркеу үшін белгіленген ең төменгі шекті мәннен асып кетсе, сізге қосылған құн салығы төлеушісі ретінде тіркелу қажет.

Ж.БАЕЗОВ,
Алмалы ауданы бойынша МКБ бас маманы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘСКЕРИЛЕРДІҢ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
АХУАЛЫН ЖИ БАҚЫЛАМАҚ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Депутаттар мен әскери сарапшылар, қоғам белсенділері мен мемлекеттік орган өкілдері көпшіліктің осындай наразы көңіл-күйлерін сараптап, елдегі әскер саласының беделін көтеру мен қорғаныстың шынайы айбыны мен беделін арттырудың жолдарын қарастыруда.

Сарбаз тәрбиесіне
бәріміз жауаптымыз

Әскери қызметшілердің құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз ету, тәртіп пен қадағалауды күшейтіп, әскердің пәрменін арттыру, әлеуетін нығайту қазіргі таңда түрлі дөңгелек үстелдер мен жиындардың тақырыбына өзек болды. Мемлекет ашық диалогтар арқылы мәселенің байыбын бағамдамақ.

Мәселен, халық қаһарманы, генерал лейтенант Бақытжан Ертаев «Сарбаз тәрбиесіне бәріміз жауаптымыз. Өйткені ел қорғайтын ер азамат алтын бесіктен қалыптасады. Ұрпақ санасына отаншылдық рухын сіңіру бүкіл қоғамның ортақ міндеті» – дейді. Рас, бүгінгідей алмағайып заманда пікір таластырып биік мінберлерде айтысқаннан жағдай жақсарып кетпейтіні анық. Бірақ жалпы саланы кеңестік кезеңде қалыптасып қалған қасаң, әкімшіл-әміршіл тәртіптен арашалауға ұмтылыс көп көңіліне үміт ұялататындай.

Мәжіліс депутаты Дәулет Тұрлыханов: «Еліміздің әлеуметтік саласы, экономикалық саласы ғана емес, қорғаныс саласы да жақсы болуы керек. Заман өзгерген сайын ел қорғанысы да өзгереді. Оны әлемде болып жатқан соңғы өзгерістер көрсетіп жатыр. Отырыста қорғаныс саласындағы бар мәселелер айтылды. Әскердегілердің жағдайын мемлекет тарапынан жасауымыз керек», – десе, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Бибігүл Жексенбай: «Қоғамдық ұйымдардың мәртебесін нақтылап, олардың ата-аналары мен Қорғаныс министрлігі арасындағы міндетін кеңейтуге мүмкіндік беруіміз керек», – деп пікір білдіреді.

Отаншылдық
рухтың бастауы – отбасы

Рас, отаншыл рух әр азаматқа туаитті қанмен, жүре келе тәрбиенен, өсе келе қалыптасқан мінезбен сінеді. Оның бастауы – отбасы, балабақша, мектеп, қоршаған орта, қамқор айналасы. Алдыңғы буын осындай өмірлік баспалдақтарды үлгі қылып алға тартады. Бұл өмірлік миссияны балабақша, мектеп секілді алғашқы тәлім ордалары да өз түсінік, танымынша пайымдап, баланы отансүйгіштікке баулуға тырысып жүр. Бірақ, бүгінгі заман талабы оны аздық ететінін дәлелдеді. Сол себепті де, замана көшіне ілесуге әрекет еткен қорғаныс саласы енді жоғарыда біз санамалаған өмірлік тәрбие институттарының қатарына бүгін технологиялық жетістіктерді де қоспақ.

Жаңа жүйе
әскерилер әрекетін
бақылайды

Адамзаттың қазіргі ең соңғы қол жеткізіп отырған жетістігін ЖИ десек, осы игілік енді әскерилердің айтуынша, аз уақытта әскер өміріне де араласады. Әскердегі ЖИ-дің

алғашқы жұмысы әскерилердің психологиялық жай-күйін бақылаудан басталмақ. ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары Дархан Ахмедиевтің айтуынша, алдағы уақытта қорғаныс саласының мамандары әскери бөлімдердегі барлық бейнебақылау камераларын бір жүйеге біріктіріп, оған жасанды интеллект енгізуді жоспарлап отыр. Жаңа жүйе сарбаздар мен әскери қызметкерлердің әрбір әрекетін жіті қадағалайды.

– Егер сарбаз қаруын белгісіз бағытта немесе ережеге сай емес түрде пайдаланып жатса, бейнекамера дереу дабыл қағуы тиіс. Камера мұндай әрекеттерді тануы үшін қызметкерлер осы қозғалысты бірнеше рет қайталап көрсетіп, жүйеге оның қауіпті екенін үйретеді. Сол сияқты, адам бір жерде құлаған жағдайда, жасанды интеллект бұл жағдайды күдікті белгі ретінде тіркеп, кезекшіге немесе бөлім командиріне хабар беруге дағдыланады. Бұл – оқыс оқиғаларды, қызмет тәртібінің бұзылуын немесе қауіп тудыруы мүмкін әрекеттерді уақытылы анықтау үшін қажет, – дейді ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары.

ЖИ-ге жүктелер
жұмыс көп

Жүйе тек сарбаздардың емес, бөлімшедегі барлық техникалардың қозғалысын бақылайды.

– Қазір жүйені оқытып жатырмыз. Жасанды интеллекттің негізгі міндеті – әскери құрамның толықтығын тексеру. Кім бар, кім жоқ? Келмеген жағдайда оның себебін анықтау. Сондай-ақ, барлық техниканың орнында тұрғанын бақылау. Бізде арнайы есептік база бар. Оны бейнекамералармен байланыстырамыз. Сол арқылы ЖИ бөлімшеден шыққан техниканың нөмірін көріп, қай машина екенін және оның қашан шыққанын автоматты түрде анықтап отыруы тиіс.

Пилоттық жоба
пысықталуда

Министр орынбасарының пікірінше, бұл жоба болашақта дамып, кеңейіп, одан әрі тереңдей бермек. Қазірше пилоттық жоба есебінде жұмысын бастаған жоба күніне бірнеше олқылықты анықтап отыр екен.

– Бұл жұмыстың бәрі жоспарға енгізілген. Қазіргі кезеңде жобаны пилоттық режимде Астана, Семей, Аягөз және Алматы қалаларында сынақтан өткізіп жатырмыз. Жүйе бұған дейін бірнеше рет «түтін шығу», «қызмет орнын рұқсатсыз тастап кету» сияқты деректерді анықтады. Жалпы күніне бірнеше осындай деректі тіркеп отырады, – дейді Дархан Ахмедиев.

Егер болашақта әскер саласы осындай жетістіктер негізінде темірдей тәртіп пен заңды басшылыққа алатын заманауи дамып жетілген жүйеге айнала алса кез келген жастың оның қатарында болуға асығып, Отанын, жерін жаңа мүмкіндіктер көмегімен жанын салып қорғауға құлшынбасына кім кепіл?!

Дамыған елдер тәжірибесіне сүйене отырып, барлық халықаралық стандарттарға арқа сүйеп адам құқығын алдыға шығара алған елде әлімжеттік пен парақорлық, тамыр таныстық пен сыбайластық жойылады. Ондай кезең туа қалған жағдайда қара да, хан да баласын Отанын мақтанышпен қорғайтын сарбаздар сапынан көргісі келетіні анық.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

СОТ ІС ҚАРАДЫ

Стоматологиялық клиникадағы жауапты мамандардың жұмысына салғырттығынан жақында үш жарым жасар қыз көз жұмды.

Астананың қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотында «Дент Парк» клиникасының анестезиологына қатысты сот процесі жалғасып жатыр. Мемлекеттік айыптаушы Еркебұлан Шалқаровтың айтуынша, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті департаментінің жоспардан

олар анестезиолог дәрігердің наркоз кезінде және науқастың жағдайы нашарлаған сәттегі жүрек ырғағының бұзылуын растауы тиіс еді. Видеожазбаларда монитор көрсетілмеген, сараптама бойынша жүрек патологиясы болмаған», – деді Шалқаров. Сонымен қатар, науқас ағзасынан кетотифен, супрастин және кальций препараттары табылған,

САЛҒЫРТТЫҚТЫҢ
САЛДАРЫ АУЫР

тыс тексерісі нәтижесінде стоматологиялық клиниканың қызметінде көптеген заң бұзушылық анықталған.

Ресми тексеру актісіне сәйкес, клиникада 2020 жылы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген стоматологиялық науқас картасы жоқ болған. Бұл бұйрық есеп құжаттарын жүргізу формаларын және оларды жүргізу ережелерін реттейді.

«Төлемдік медициналық қызметтерге арналған типтік келісім бекітілген форма да жасалмаған. Сол сияқты, пациенттің келісімі де талаптарға сәйкес рәсімделмеген. Бұдан басқа, клиникада кеңес парақтарының үлгілері жоқ болды, бұл да Денсаулық сақтау министрлігінің нормаларын бұзу болып саналады», – деді Шалқаров.

Айыптаушының айтуынша, бірнеше баланың тісіне қатысты құжат дұрыс жасалмаған. 52, 51, 61, 62, 75, 85 тістерінде «сүт тісінің пульпиті» деген диагноз қойылған, бірақ Халықаралық аурулар классификациясы (МКБ-10) бойынша диагноз көрсетілмеген, жұмыс классификациясы бойынша толық сипаттама берілмеген, аурудың сипаты мен формасы көрсетілмеген. «55, 54, 53, 63, 65, 74, 73, 72, 81, 82, 83, 84 тістерде «кариес» диагнозы көрсетілген, бірақ МКБ коды мен толық клиникалық сипаттама жоқ», – деді мемлекеттік айыптаушы. Ол медициналық құжаттағы уақыт көрсеткіштері мен видео материалдар арасындағы сәйкессіздіктер де актіде көрсетілгенін айтып өтті. «Клиника ЭКГ таспасын немесе монитор жазбасын ұсынбады,



ҚАЗАВТОЖОЛ ЕСКЕРТЕДІ!

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ –
ЖОЛАУШЫ АМАНДЫҒЫ

Соңғы кездердегі статистика Қазақстанда жол көлік апаттарының жиілеп, одан жапа шегетіндердің, тіпті сол апаттардан қайтыс болып жатқан адамдар санының жылдан-жылға артып бара жатқанын көрсетіп отыр. Оған күн сайын кез келгеніміз куә болудамыз.

Бір жол апатынан жеті-сегіз адамның бірден мерт боп жатқаны да бүгінгі көрсеткіш. Оған әрине, бірінші кезекте көлік жүргізушілерінің салғырттығы кінәлі. Осы ретте, қауіпсіздік талаптарын қатаңдату қажеттілігі туындады. Жол ережелерінен бөлек, бұл жерде жеке жүргізуші жауаптылығы да үлкен маңызға ие. Осы ретте, ҚазАвтоЖол компаниясы қауіпсіздік ережелерін еске салып, жүргізушілерге үндеу жасады.

– Жақында Астана–Павлодар бағыты бойынша болған жағдай бірқатар жүргізушінің бірнеше сервиске тіркеліп, қозғалыс кезінде хабарлама жазуға, қосымша тапсырыс қаруға, әлеуметтік желілер мен бейнематериалдарға назар аударуға әуестігі бар екенін көрсетті. Мұндай әрекеттер көлік жүргізуге кедергі келтіріп қана қоймай, жолаушының өміріне тікелей қауіп төндіреді. Бұл – жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі заң талаптарын өрескел бұзу, – делінген хабарламада.

Осыған байланысты төмендегі қағидаларды қатаң есте сақтауға шақырды:

1. Көлік жүргізу кезінде телефон қолдануға тыйым салынады. Тек дауыс зорайтқыш

арқылы сөйлесу немесе жолдан алаңдатпайтын навигациялық жүйелерді пайдалану рұқсат етіледі.

2. Бірнеше сервисте қатар жұмыс істеу көлік басқару процесіне кедергі келтірмеуі тиіс.

3. Жолаушы ескерту жасаған жағдайда оны құрметпен қабылдап, қауіпсіздікке нұқсан келтіретін әрекеттерді дереу тоқтату қажет.

4. Қағидаларды бұзу айыппұл салуға, сервистен шеттетілуге, сондай-ақ заңнамаға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

5. Әрбір рейсте басты назар – жолаушының қауіпсіздігі мен көлікті апатсыз басқару. Жолаушы аمانдығы – баршамызға ортақ жауапкершілік. Сапалы қызмет көрсету, кәсіби тәртіп пен ұқыптылық – сіздің абыройыңыз бен саланың беделін арттыратын негізгі өлшемдер.

Қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, жолаушыларға сенімді, жайлы әрі қауіпсіз қызмет көрсетейік.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

БАҒДАР

ЭКСАУМАҚТЫҚ СОТТЫЛЫҚ

Сот жүйесін жаңғырту мақсатында қолданыстағы әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамаға «эксау-мақтық соттылық» ұғым енгізілді. Атап айтқанда, 2025 жылғы 1 наурыздан бастап әкімшілік сот ісін жүргізуде эксаумақтық соттылық институты қолданысқа енгізілді.

Эксаумақтық соттылық – бұл әкімшілік істерді сот талқылауына тағайындауға дейін заңмен белгіленген аумақтық соттылықты өзгертуге мүмкіндік беретін істерді бөлу тетігі.

Эксаумақтық соттылықтың қағидалары келесі істерге қолданылмайды: 1) Орталық сайлау комиссиясының әкімшілік актілерді, әрекеттерін (әрекетсіздігін) даулау жөніндегі істерге; 2) инвесторлардың талаптары бойынша істерге; 3) әскери қызметшілер мен әскери жиындардан өтетін азаматтардың талаптары бойынша жауапкер болып әскери басқару органдары қатысатын істерге; 4) елімізден тыс жерде қабылданған актілерді даулау жөніндегі істерге; 5) электрондық құжат нысанында қабылданған актілерді даулау жөніндегі істерге.

Жеке сот орындаушылары бойынша істерге эксаумақтық соттылық қарастыру қолданылмайды. Бұл санаттағы дауларда заң қатаң аумақтық соттылықты бекітеді: шағым жеке сот орындаушысы тіркелген жерде немесе орындаушылық әрекеттер жасалған жерде қаралуға тиіс. Осыған байланысты талап қоюшының мұндай істі өз қалауымен басқа өңірге ауыстыруы мүмкін емес. Сот орындаушысының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану жөніндегі әкімшілік істер бойынша жауапкердің орналасқан (тіркелген) жеріне қарау белгіленетін ерекше қонысқа қолданылады. Мұндай тәртіп атқарушылық өндіріс материалдарына қолжетімділікті, істердің жедел қаралуын және сот практика-



Айжан МЫРЗАБЕКОВА,
Павлодар облысының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

сының біркелкілігін қамтамасыз ету үшін енгізілген.

Азаматтық істердегі эксаумақтық соттылықтың ерекшелігі – ӘРПК-де істі эксаумақтық соттылық бойынша жіберу үшін талап қоюшының арызы жеткілікті. Ал азаматтық сот ісін жүргізуде талап арызды жіберу үшін процестің екі тарапынан (талап қоюшы мен жауапкерден) өтініштің болуы қажет. Яғни әкімшілік эксаумақтық соттылық әкімшілік органдардың ұстанымдарына байланысты емес.

Әкімшілік істер бойынша соттылықты дұрыс айқындаудың маңызы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғауға, сондай-ақ жария құқықтық қатынастар саласында заңдылықты сақтауға бағытталған. Өйткені соттылық қағидаларының бұзылуы сот актілерінің күшін жоюға әкеп соғады.

МІНБЕР

Сот билігі – мемлекеттік басқару жүйесінің маңызды бөлігі ғана емес, сонымен қатар азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін аса маңызды қоғамдық институт.

ҚАЗЫНЫҢ ӘР ҚАДАМЫ ҚОҒАМ НАЗАРЫНДА

Соттар адамдар арасындағы даулы мәселелерді шешеді және жеке тұлғалардың, азаматтар мен ұйымдар, азаматтар мен мемлекет арасындағы күрделі даулар бойынша шешімдер қабылдайды. Сондықтан судьялардың кәсіби деңгейі мен адамгершілік ұстанымдары әрқашан қоғам назарында. Бір судьяның қабылдаған шешімі жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның сот жүйесіне деген сеніміне ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, судьялардың қызметін реттейтін және олардың мінез-құлқының жоғары стандарттарын белгілейтін Сот этикасы кодексінің маңызы ерекше.

Сот этикасы кодексі – судьялардың моральдық және кәсіби қызметіне бағыт-бағдар беретін маңызды құқықтық-адамгершілік құжат. Кодекс судьяның қызмет барысындағы және қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқын, қоғаммен, әріптестермен, мемлекеттік органдармен және сот процесіне қатысушылармен қарым-қатынасын реттейді. Біздің мемлекетіміздің құқықтық мәдениеті жоғары, заңға сезімтал, әділеттілікке баса назар аударатын деңгейі жеткілікті. Кез келген заңсыздықты қарауда судьяның мінез-құлқы, кәсібилігі және адамгершілік қасиеттері ерекше маңызды.

Судья қызметінің өзегі – оның тәуелсіздігі. Бұл қағида Қазақстан Конституциясы мен заңдарында бекітілген. Судья шешімді тек заңға және істің нақты мән-жайларына сүйеніп қабылдайды. Тәуелсіздік сыртқы ықпалдан қорғалған мәртебе ғана емес, судьяның жеке тұлғалық қасиеті, мінез беріктігі, ішкі еркіндігі және кәсіби біліктілігі. Қазіргі ақпараттық қоғамда, әлеуметтік желілер мен медиа кеңістікте кез келген іс қоғамдық талқыға түсетінін ескерсек, судьядан талап етілетін кәсіби ұстамдылық пен салмақтылық бұрынғыдан да маңызды. Осындай жағдайда судья ішкі бейтараптықты сақтап, қоғамдық пікірдің

ықпалына берілмей, заң аясында ғана шешім қабылдауы тиіс. Судьяның бейтараптылығы – әділ соттың іргетасы. Судья ешбір тарапқа жақтаспауы, іс материалдарына ғана сүйенуі және жеке көзқарасын немесе сезімін жұмысқа араластырмауы керек. Егер судьяның бейтараптығына күмән тудыратын жағдай болса, ол өзіне өзі бас тарту рәсімін қолдануға міндетті. Мұндай талаптар сот билігінің беделін қорғауға бағытталған. Өйткені судьяның әрбір әрекеті қоғамның әділдік сезіміне әсер етуі мүмкін. Судьяларға қойылатын маңызды талаптардың бірі – адалдық пен парасаттылық. Судьяның ар-намысы, кәсіби абыройы және қоғамға үлгі боларлық адамгершілігі – сот беделінің кепілі. Өзінің жеке өмірінде де судья заңды құрметтеу, мәдениеттілік таныту, қоғамдық тәртіпті сақтау арқылы қоғамға өнеге болуы тиіс. Судьяның кез келген іс-әрекеті, тіпті жұмыстан тыс уақытта да, қоғам тарапынан сыңа алынуы мүмкін екенін ескеруі қажет. Сондықтан кодекс судьяның әлеуметтік желілердегі әрекетінен бастап, қоғамдық іс-шараларға қатысуына дейін реттейтін арнайы талаптар белгілейді.

Кәсібилік – судья жұмысының сапасын анықтайтын негізгі өлшем. Қазақстанда заңнама үнемі жаңарып, сот тәжірибесі жетіліп, жаңа құқықтық міндеттер мен реформалар пайда болып отырады. Цифрландыру жағдайында электронды сот жүйелерін, онлайн процестерді меңгеру де аса маңызды. Мұның барлығы судьяның заманауи талаптарға сай жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және сот шешімдерінің сапасына тікелей әсер етеді. Қазіргі кезде сот билігі қолжетімділікке және жариялылыққа ұмтылуда. Сот процестерінің ашық өтуі, сот актілерінің жариялануы, онлайн сот отырыстары – барлығы қоғамның сотқа деген сенімін күшейтеді. Азаматтар соттың қалай жұмыс істейтінін, қандай шешімдер қа-

былдайтынын өз көзімен көрген сайын, сот билігінің абыройы арта түседі. Сот жүйесі тараптардың теңдігіне және жарыспалылық қағидатына негізделген. Судьяның міндеті – әділ жағдай жасап, процеске қатысушылардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз етуі. Мемлекетіміздің сот



Рамазан КУСТАНОВ,
Ақтөбе облысының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы

жүйесі үздіксіз реформаланып келеді. Қазіргі таңда цифрлық технологиялардың енгізілуі жалғасуда, медиация және татуластыру рәсімдері дамып келе жатыр, электронды сот жүйесі кеңеюде. Дегенмен сот реформаларының табысты болуы ең алдымен судьялардың адамгершілігіне, парасаттылығына және кодекс талаптарын сақтауына байланысты.

Сот этикасы – сот билігінің жүрегі, өйткені ол судьяның кәсіби мінезін айқындап, ішкі мәдениетін қалыптастырады және соттың беделін нығайтады. Сот билігінің күшті болуы - мемлекетіміздің күшті болуы. Егер сот әділ, ашық және тәуелсіз болса, қоғам тұрақты, азаматтар қорғалған және бизнесті сенімді жүргізетіні анық.

Сот этикасы мен судьяның жоғары кәсібилігі – мемлекетіміздің құқықтық жүйесін нығайтатын басты құндылықтардың бірі болып саналады.

РЕПОРТАЖ

Ішкі істер министрлігі жыл сайын журналистер арасында «Погонды журналист» жобасын ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған. Оның мәні – қолына қалам ұстап, халыққа өңірде болып жатқан жаңалықтарды дер кезінде жеткізіп отыратын тілшілер бір күн өз мамандығын ауыстырып, тәртіп сақшыларының киімін киіп полиция образына енеді. Әркім өзінің қалауы бойынша бірі патрульдік немесе ювеналды полиция қызметкері, енді бірі тергеуші, криминалист тағы басқа салалардың бірін таңдайды.

Биыл да полиция мен БАҚ арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған жоба жалғасын тауып, тәртіп сақшысы ретінде қызмет атқарып көруге ұсыныс түскенде мен криминалистиканы таңдадым.

Түркістан облысы Полиция департаментінің баспасөз қызметі мені Кентау қалалық полиция бөлімшесінің жедел-криминалистика бөліміне жіберді. Талай жылдардан бері полиция саласы мен ондағы қызметкерлер жайлы қалам тербеп мақала жазып жүргеніммен полицияның формасын киіп, иыққа ай күмбезді жұлдызы бар погонды таққан сәтте, сол погонмен бірге үлкен жауапкершілікті арқалағандай болдым. Жұмыс уақыты таңертеңгі сағат 8:30-да басталды. Таң бозымен келген мені аға криминалист полиция капитаны Бекзат Манапов пен полиция аға лейтенанты Айжан Абдукадыр қарсы алды.

Бұл Кентау қалалық жергілікті полиция қызметі басқармасындағы әрбір сақшы үшін күнделікті рәсім. Кейін әркім өзіне жауапты қызметіне барады. Қалалық жедел-криминалистика бөлімінде 4 қызметкер қызмет атқарады.

– Криминалист үшін әрбір күн – ұсақ-түйекке дейін назар аударуды, шыдамдылық пен кәсіби дәлдікті талап ететін жауапты жұмыс. Оның міндеті – қылмыс орнындағы әрбір ізі мен айғағын дер кезінде анықтап, істің ашылуына жол ашу, – жұмыс

барысын түсіндіруді бастады Бекзат Ербосынұлы.

«Әдетте, дәлелдерді табу – сарапшының, ал нәтижелерді тіркеу және өзге де іс жүргізу әрекеттерін орындау – тергеушінің міндеті. Біз оқиға орнын зерттейміз, айғақтарды аламыз, буып-түйеміз, фото және бейнефиксация жасаймыз, жоспарлар мен сызбалар құрамыз, қосымша техникалық құралдарды қолданамыз, тергеушілер мен басқа да мамандарға кеңес береміз, – дейді ол.

Бекзат Ербосынұлының қазір үш түрлі рұқсаты бар: дактилоскопия, суық қаруды зерттеу, трасология зерттеу. Басқа кез келген мамандық сияқты, криминалистикада да тәжірибе – басты ұстаз. Бірнеше жыл қызмет еткен маман қайдан, нені іздеу керегін біледі, жас тергеушілер мен жедел үзкілдерге бағыт-бағдар береді, куәгерлермен сөйлеседі, тіпті жаңа куә таба алады. Криминалисттерді өзгелерден ерекшелендіретін бір белгі – олар әрдайым арнайы құрал-саймандарға толы «фирмалық» чemoдaнмен жүреді. Оның ішінде щеткалар, индикатор ұнтақтары, электронды үлкейткіштер және басқа да қажетті заттар бар. Осы жоба арқылы криминалисттердің құпия саналатын қара чemoдaнымен жұмыс жасау бұйырыпты.

– Мұндай жиынтықтың салмағы кемінде алты-жеті келі болады. Әсіресе, көлік жүрмейтін жерге жаяу

түн ортасында қалаға қарасты ауыл шетіне барғанда бұл салмақ айқын сезіледі. Бірақ осындай шағын зертхана арқылы оқиға орнында-ақ негізгі дәлел түрлерін зерттеуге болады, – деді ол.

– Қазір қылмыстық істерді жүргізудің электрондық форматын енгізуге және істерді тергеп-тексеруді оңтайландыруға байланысты криминалистикалық зерттеулерді жүргізу бойынша жүктемелер саны артты.

Сәйкесінше, олардың сапасына, толықтығы мен дұрыстығына қатысты криминалисттердің жауапкершілігі де артты деген сөз. Міне, осындай жұмыстарды сапалы атқару үшін маманның жауапкершілігімен бірге материалдық-техникалық жабдықталуы да мықты болуы тиіс. Бұл үшін қазір жедел-криминалистикалық бөліністер жүктелген міндеттерді атқаруға қажетті техникалық құралдармен қамтамасыз етіліп жатыр – деді аға криминалист.

Бекзаттың сөзіне қарағанда күніне он немесе 20 шақты іс келіп түседі. Сарапшылардың қылмысқа қатысы бар адамдарды анықтауға арналған арнайы электрондық базасы бар.

Тәуелсіздік алғаннан кейін елдегі криминалистика саласы оң өзгерістерге ұшырады. Егемендікке қол жеткізгелі ІІМ қол және аяқ киім іздерінің, көлік құралдарының, бұзу құралдарының, қылмыс орында-



рынан алынған, криминалдық қарудан атылған оқтар мен гильзалар іздерінің, субъективті портреттің есептерін қалыптастыруға, портреттік зерттеулерді, ДНҚ, одорологиялық және психофизиологиялық зерттеулерді жүргізуге арналған аппараты арқылы жұмыс жасауда. Сондай-ақ, жедел-криминалистикалық бөліністерді жабдықтау үшін жылжымалы криминалистикалық зертханалар, оқиға орнын үш өлшемді модельдеу кешені, автоматтандырылған ақпараттық-іздеу бағдарламалық қамтылымдары бар криминалистің жұмыс орындары, автоматтандырылған баллистикалық іздеу кешені, шапшаңдықты өлшейтін оқ ұстағыштар және басқа да техникамен жабдықталған. ДНҚ зертханасы қысқа мерзімде зерттеулерді, әсіресе, тергеп-тексеру 10 күндік мерзімде аяқталуы тиіс болған жағдайда жеңілдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойын-

ша істерді жүргізуге мүмкіндік береді. Сот сараптамасы орталығында бұл зерттеулер 3 айдан 6 айға дейін жүргізіледі. Ішкі істер органдарындағы осы мүмкіндіктердің арқасында оқиға орнынан алынған іздерді биологиялық зерттеу (ДНК) жедел жүргізіледі. Қылмыстың мән-жайы, атап айтқанда, кісі өлтірудің нақты орны, дәлірек айтсақ, кейбір жағдайда қылмыс жасалған орыннан мәйіттің орнын ауыстырғанда, қару саны мен қылмысты жасау тәсілі бойынша кісі өлтірген адамдардың санын анықтауға да көмектеседі.

Жұмыс барысын зерттеу кезінде қалада жеңіл көлік тоналғандығы жайында хабар келіп түсті. Бірден қызметтік көлікке отырып оқиға орнына жетіп бардық. Оқиға орнында қалған іздерді жоғалтпай алмас үшін арнайы ленталар қоршауға алдық. Одан кейін көлікке арнайы ұнтақты сеуіп, қылмыскердің қолдарының ізін анықтадық.

Таң сәріден басталған жұмыс кешкі 19:00-ге дейін жалғасады. Бірақ Бекзат Манаповтың айтуынша, полиция бөліністері арнайы орган болып есептелетіндіктен және қылмыскерлер уақыт талғаймайтындықтан, тәртіп сақшыларының да жұмыс уақыты сағат тілінің көрсеткішімен сәйкес келе бермейді.

Полиция қызметкерлерімен бірге жұмыс жасаған сегіз сағат маған қиын соқты, ал, нағыз маман осы қызметпен жылдар бойы айналысады. Жауапкершілігі жоғары бұл қызметке антына адал, өз міндетін абыроймен атқарып, еңбек ете білген тәртіп сақшылары ғана лайық.

Раушан НАРБЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алдағы уақытта оның көлемін арттыру басты мақсаттың бірі және жаңа жүгері өңдеу зауытын салу жоспарлануда. Біздің талабымыз – жүгеріні өңдеумен шектеліп қалмай, тереңдете өңдеуге басымдық беру. Жүгері дақылын мал азығы ретінде ғана емес, медициналық талапқа сай дәрілік өнім ретінде пайдалануға көңіл бөлмекпіз. Зауыт бағдарламасына сай пенициллин шығару жоспарлануда. Косметикалық өнімдер шығару үшін қажетті шикізат шығару да ойымызда. Күнделікті өмірде байқағанымыздай, дәріханаларда жүгері талшықтары салынған қораптарға сұраныс жоғары. Сондықтан, ғалымдармен бірге жүгерінің қандай сортын өсіру пайдалы екендігін анықтауға басымдық бермекпіз.

Сәйкесінше инвесторларға қойылар талап та биік. Инвесторлар біздің өңірге қыруар қаржы салып, жүздеген адамды жұмыспен қамтып қоймай, жобаның ел игілігіне қызмет етуіне шынайы көңіл бөлуі керек. Өйткені, әр жұмыстың артында үлкен жауапкершілік тұратыны мәлім.

– **Инвестиция тарту мәселесінде де қиындықтардың аз емесі белгілі. Әсіресе шет аймақтарға қаржысын салғысы келетіндер бірден табыла қоймайтын шығар?**

– Республикалық маңызы бар Құлжа күре жолы, аудан орталығынан 25 шақырым жерде орналасқан Тасқарасу теміржол станциясы, Батыс Қытай – Батыс Еуропа автодөлізі біздің ауданда жол мәселесінің түбегейлі шешілгенін көрсетеді. Шығыстан батысқа қарай күні-түні үздіксіз ағылып жатқан жүк көліктері сөзіміздің нақты дәлелі. Сонымен қатар, табиғи газдың ауданға келуі инвестиция тартуға, туризмді дамытуға мол мүмкіндік береді. Жолдауда көрсетілген экономикалық мәселелерге біздің ауданның да қосар үлесі салмақты.

Сарапшылар әкімнің мықтылығы, тегеуріні ауданға инвестиция тартумен өлшенетіндігін айтып жатады. Ол да дұрыс шығар. Осы пікірге қосарым, әрбір әкім бірінші кезекте инвестордың ел мен қоғам алдындағы жауапкершілігін ұғындыруы маңызды. Рұқсат берер кезде әкімдік инвесторға жерді қалай, қанша уақытта игеретінін ашық көрсетуді, бағдарламасының сауатты әзірленуін талап етіп, жауапкершілікті сезіндіру керек. Инвестордың атқарған жұмысының саны мен сапасына басты назар аудару қажет.

Инвесторлар баршылық. Алайда, олармен келісімнің бәрі заң аясында жасалуы тиіс. Бүгінде Райымбек ауданы мен біздің ауданды жалғастырып жатқан Кетпен қыраттарындағы қоғам қайраткері Асанбай Асқаров асуы жанындағы тау жолының сапасын жақсартып, қарым-қатынасқа мүмкіндік тудырудың да өзіндік артықшылығы бар. Бұл туризмді дамытуға, Шарын шатқалы, Арасан жер асты ыстық сулары, Шөлкөде жайлауы, Қарасаз ауылы арқылы Көлсай көлдеріне баратын туристік бағыттың ашылуына жол ашпақ.

– **Инвесторлар тарапынан жиі ұсыныстар түсе ме?**

– Инвесторлар – аймақты жандандырудың құртамдары. Мысалы, біздің аймақта жел электр станциясын салып жатқан «Техно Текстиль» ЖШС, сондай-ақ Кеген өңірінен кәдімгі қараткен тұзды тасымалдап, өңдеп халықтың тұтынуына беретін, яғни сатылымға шығаратын Ас тұзы зауытын «ТұздыБасТау» ЖШС салуда. Инвесторлардың біздің өңірге келуіне жоғарыда айтылғандай жол тасымалының оң шешілуімен байланысты. Сонымен қатар, ауданда мыңнан астам жүк көліктеріне арналған автотұрақ салу жоспарлануда. Онда автокөліктерге сервистік қызмет көрсету функцияларын қарастырмақпыз.

Жалпы осы жылдың аяғына дейін 40 млрд теңгеге жуық инвестиция тарту жоспарланған. Бұл жобаның да халықты жұмыспен қамтып, елдің экономикалық-әлеуметтік жағдайын түзетуге өзіндік септігі тиері анық.

– **Ауданда халықты тиімді бағдаға азық-түлікпен қамтамасыз ететін өндіріс орындары бар ма?**

– Бізде «ОТАН Green Food» ЖШС және «Прима құс» ЖШС деген екі құс фабрикасы бар. Бұл өндіріс орындары мемлекетке салық

төлеуде де, азаматтарды жұмыспен қамтамасыз етуде де көпшілікке үлгі болып келеді. «Прима Құс» ЖШС жартылай өнім өндірумен айналысады. Бүгінгі таңда өнімдерін экспортқа шығаруда. Бүгінге дейін олар ұсынған өнімдерге қатысты кемшілік орын алған емес. Осының өзі ауданда өндірілген өнімдер сапасы тұтынушыларды қанағаттандырып отырғанын білдірмей ме?! Аталған компания жобаның екінші кезеңіне өту бойынша жұмыс жүргізуде. Оған 10 млрд теңгеден астам қаражат тартылды. Жалпы үш кезең толығымен 2027 жылы аяқталып, жылына 70 мың тонна ет өндіреді деп күтіп отырмыз.

– **Жақында Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев туризмді дамытудың бір жолы жарнама екендігін айтып, барымызды көпшілікке таныстыру, қонақтарды өңірімізге тарту бойынша кешенді шараларды қолға алуды тапсырды. Бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылу-да?**

– Туризмді дамыту арқылы қыруар пайда көріп отырған мемлекеттер бар. Біздің ауданның да туризм әлеуетін көтеруге мүмкіндік жетерлік. Атап айтқанда, Шарын шатқалы, Ерен тоғайы, Арасан жер



Бота ЕЛЕУСИЗОВА, Алматы облысы Ұйғыр ауданының әкімі:

«БІЗДЕ СЫРТҚЫ АРАНДАТУШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРАТЫН МЫҚТЫ ИММУНИТЕТ БОЛУ КЕРЕК»

Жеке бастың проблемасын ұлтқа бөліп қарауға болмайды. Халықпен кездескенде үнемі айтып жүргеніміз ауданның ерекшелігіне мән беру, дос-жаран, тату көрші болып араласып келе жатқан екі ұлттың арасына жік түсірмеу, жеке бастың ренішін ұлтаралық келіспеушілікке араластырмау. Сондықтан, бізде сыртқы арандатушылыққа қарсы тұратын и.м.мунитет болу керек.

асты ыстық сулары қазірдің өзінде көпшілік ықыласпен келетін орындар.

Туризмді дамытудың бірден-бір көзі, әрине, жарнама. Бұл жұмыс жақсы жолға қойылған. Әлеуметтік желі арқылы әркім өзіне демалыс орындарын таңдай алады. Әрине, бірінші кезекте демалушының қауіпсіздігі, қызмет сапасының жоғарылығы, санитарлық нормалардың сақталуы, сонымен қатар баға мәселесі үнемі назарда ұсталады. Қонақтар қомақты қаржы төлеген соң, сапалы қызмет көрсетуін талап етеді. Тазалық демалыс үйінің деңгейін көрсетіп қоймай, табыс көзінің кілті болып саналады. Шет елден келген қонақтарға жақсы көңіл-күй сыйлаумен қатар, ұлттық менталитетіміздің сақталғандығын көрсету арқылы олардың қайта келуіне ықпал ету де басты меже. Жақсы демалып кеткен әр туристің өзі жарнама деп ойлаймын. Бәсекеге қабілеттігін іспен дәлелдей білген демалыс орны туралы естіген турист өңірімізге өзі келетіні ақиқат. Мысалы, Шарын Мемлекеттік Ұлттық Табиғи Паркіне қарасты «Шарын шатқалына» биылғы жылдың тоғыз айында 176,7 мың турист келген. Демалушыларға жайлы жағдай жасау үшін инвестордың көмегімен таза су жүйесі тартылып, пайдалануға берілді. Қауіпсіздік мәселесі бірінші кезекте шешілген. Туристердің ризашылығына әлеуметтік желіге жарияланған суреттері дәлел.

Табиғат-Ананың тағы бір сыйы – Арасан жер асты ыстық су көздері. Жекелеген азаматтардың қомақты қаржысымен бүгінде жетпістен аса демалыс орны жұмыс істеуде. Соның өзі демалушылардың сұранысын қамтамасыз ете алмайды. Себебі, көптеген демалушылар алдын ала 1-2 ай бұрын демалысын жоспарлап, тапсырыс береді. Күнбе-күн келгендер орын таба алмай, ренішін білдіріп жатады. Оларға бұл бизнес түрі жеке адамдардың иелігінде екендігін, оларға кім бұрын тапсырыс беріп, қаржысын төлесе, еш-

кімді алаламай бәріне бірдей қызмет көрсететінін түсіндіруге тырысамыз.

Шетелдік туристер де, алыс-жақын аймақ халқы да жыл бойы үзіліссіз дем алып, ем қабылдайтын демалыс орындары аудан орталығынан 60 шақырым қашықтықта басталып, әрмен қарай созылып жатыр. Осы жылдың тоғыз айында 240 мыңнан астам адамға қызмет көрсетілді. Негізі «Арасан» демалыс орындары жеке азаматтар меншігінде екенін, заман талабына сай қонақ үйлер, бассейндер жүйелі жұмыс жүргізетінін айтып өттім. Бірақ меценаттардың да, қарапайым демалушылардың да санасына сіңіре айтатын мәселе – бұл уақытша көрсетілетін қызмет екенін ойлаған дұрыс. Себебі, қалдық суларды жинайтын орынның жоқтығы, далаға ағызылған қалдық судың санитарлық талапқа сай келмей саз балшыққа айналатыны, жерге сіңгенімен, тіпті түптің түбінде жер қыртыстарынан сыналай өтіп ыстық су көздеріне қосылмайтынына ешкім кепіл бола алмайды. Жеке тұлға болған соң, қызметті әртүрлі деңгейде көрсететіні белгілі. Кезінде мүмкіндіктерін пайдаланып су көздеріндегі жерді гектарлап алып заңдастырып қойған жеке тұлғалардың тағы бір кемшілігі – жол қатынасын ойластырмаған. Осы мәселелерді сараптай отырып біз қазір Арасан учаскесіне туристік аймақ ретінде арнайы статус алуды қолға алдық. Шыны керек, «Арасан» су көздері елді мекендегі демалыс аймағы ретінде де санатқа қосылмаған. Дардамты ауылдық округіне қарайтын бір бөлімше ретінде белгіленген. Осы жердің инфрақұрылымын дамытып, Арасанға туристік статус алсақ, жол мәселесі, электр қуатымен толыққанды қамтамасыз ету секілді басты проблемалар шешілер еді. Нақтылай түссем, аудан аумағында қуаттылығы 40 МВт электр қуат көзін салу жоспарлануда. Осы жылдың соңында мемлекеттік сараптамадан шығады. Қаржыландырылған жағдайда өркениетке

бастау болатын бірқатар проблемалар шешілетін еді.

– **Шекаралық аймақтың ерекшелігі неде?**

– Географиялық орналасуымызға, жол қатынастарының тиімділігіне орай шетелдік инвесторлар кезек-кезегімен келіп көңіл толтыратын бағдарламалар ұсынуда. Алайда шекаралық аймақта болғандықтан, оларға жер бере алмаймыз. Дегенмен, диқан қажеттілігін дөп басқан «PVC» зауытының басшысы 5,5 млрд теңге инвестиция салып, түрлі көлемдегі құбырлар шығаратын зауыт салуға ниет білдіруде. Мұны үш жақтылы қажеттілікті өтеу (мемлекеттік органның, инвестордың және диқанның) деп бағалап, мүмкіндікті пайдаланып, суармалы жер көлемін ұлғайтуды ойластырудамыз. Осы мақсатта пайдаланылмай жатқан жер телімдері анықталып, алғашқы кезеңде 1117 га жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Биылғы жылы 16500 гектар жер анықталды. Әрине, ол жерлер заң аясында қайтарылып, сұранысқа қарай қайта пайдалануға шығарылатын болады.

Уақыт талабына орай ауылшаруашылық мақсатында пайдалануға берілгенімен, игерусіз қалған 23 тұлғаның жері заңға сәйкес қайтарылды. Тексеру жұмысы кезінде 118 тұлға малдарын тіркеп, жерлерін жыртып пайдалана бастағанын анықтадық. 2886 гектар жердің 52 иелері анықталды. Жалпы жер пайдаланушылардың 90% кем дегенде 10 гектар жер телімінің иелері болып табылады.

Мемлекет меншігіне қайтарылған жерлер ниет еткендерге бірден берілмейді. Заң аясында, бос жатқан жерлер лотқа бөлініп, оның көлемі көрсетіліп 1 ай бұрын газетке жарияланады. Әрбір үміткер өз бағдарламасын ұсынады. 11 адамнан тұратын комиссия мүшелері оны мұқият қарап, бейне түсірілімді пайдалана отырып балл қояды. Осы жер комиссиясының ұсынысы негізінде аудан әкімі қаулы шығарады. Сол қаулыға сай жерді алған тұлға кадастарлық нөмірі жазылған мемлекеттік акті бойынша меншік иесі болады.

– **Идеология, кадр таңдауда қиындық жоқ па?**

– Ұйғыр ауданы әкімі лауазымына тағайындалғаныма екі жылдан астам уақыт болды. Аудан халқы еңбекқор. Осы елге сырттан тағылған ұлтаралық қатынасқа байланысты жағымсыз айдар бар. Бірақ ел іші тыныш. Тұрмыстық жағдайда екі адамның келіспей қалғанын дереу ұлтаралық қақтығысқа бұруға бейім

жандар да арамызда жүреді. Сондықтан кез келген мәселені ірі-ұсақ деп бөлмей, дер кезінде себеп-салдарын анықтап отырамыз. Аудан аумағында өткізілетін іс-шараларды достыққа, бірлікке бағыттаймыз. Әр нәрсеге заң аясында баға беріп, тәртіп бұзушыны ұлтқа бөлмей заң шеңберінде қарау керек. Жеке бастың проблемасын ұлтқа бөліп қарауға болмайды. Халықпен кездескенде үнемі айтып жүргенім ауданның ерекшелігіне мән беру, дос-жаран, тату көрші болып араласып келе жатқан екі ұлттың арасына жік түсірмеу, жеке бастың ренішін ұлтаралық келіспеушілікке араластырмау. Сондықтан, бізде сыртқы арандатушылыққа қарсы тұратын иммунитет болу керек. Біреудің жеке басына, ұлтына, қадір-қасиетіне тиетін сөзден аулақ болу керек. Татулықтың тірегі – айналадағы азаматтарды қадірлей білу. Бұл бүгінгі заман талабы.

– **Осы уақытқа дейін талай еңбек сатысынан өткеніңізді білеміз. Ұлтаралық мәселелер ара-тұра қылаң беретін күрделі ауданға басшы болу қиындық тудырып жүрген жоқ па?**

– Мемлекеттік қызметтегі еңбек жолымда машинка басқан маманнан басталып, қатардағы маман, бес

жыл ауылдық округ әкімінің орынбасары, сегіз жыл ауылдық округ әкімі, үш жыл аудан әкімінің орынбасары, бір жыл облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы қызметін атқардым. Осы еңбек жолымда електен өткізе келе аудан әкіміне кадр іріктегенде маған таңдау түскен шығар. Жалпы, жұмысымда ашықтықты ұстанғанды жақсы көрем. Қандай да бір тығырыққа тірелген мәселені журналистерге де, халыққа да сауатты жеткізуге мән беремін. Қазір халық өте сауатты. Қандай мәселе болса да журналистерден қашпаймын. Проблеманы бұрмаламай толыққанды жеткізіп, ашық айта аламын. Атқарған жұмысымды үнемі әлеуметтік желілерде көрсетіп, халықтың пікіріне ден қойып отырамын. Әрине, мемлекеттік қызметте жүргендіктен біздің басты міндетіміз – заңды бұлжытпай орындау, мемлекет тарапынан қабылданған заң нормаларының, бағдарламалардың игілікке жол ашатынын халыққа жеткізу.

Кез келген жиын барысында тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдауда немесе тұрғындар алдындағы есепті кездесулерде көтерілген мәселелердің шешімі табылғандығын немесе қашан шешілетіндігін, болмаса мүлдем шешілмейтіндігін айтуға тырысымын. Себебі, көтерілген мәселенің артында үлкен жауапкершілік тұрады. Халық нақты жауап алған кезде ғана басшылыққа сенім артады. Құр уәде ешқашан абырой әкелмейді.

Халықпен кездесу барысында тұрғындарға ауылдағы қордаланған мәселелерді көтере беруін сұраймын. Мәселе сол уақытта шешімін таппағанымен, кейін реттелеуі мүмкін. Тұрғындар жиі көтеретін түнгі жарық, көшелерді асфальттау, таза ауыз су мәселелері кезек-кезеңімен шешімін табуда. Ауылдықтармен кездесу барысында бір қария біздің ауылға қашан көріз жүйесі тартылды деген сұрақ қойды. Өте орынды сұрақ. Себебі, бүгінгі заман талабы соны қалайды. Бірінші кезекте аудан орталығын толық көріз жүйесімен қамтамасыз етіп, кейін ауылдарға жоспар жасайтынымызды айттым. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы өсіп, тұрғындардың тұрмыс деңгейі жоғарылауына орай атқарушы билікке қойылатын талап та жоғары болатыны даусыз. Сондықтан, аудан әкімі лауазымын абыроймен атқарып, халықтың сенімінен шығу үшін аянбай еңбек ететін боламын.

Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,
«Заң газеті»

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



дықтан бұл шараның рухани әсерін әрі қарай «Түркі әлемінің аналары: дәстүр және қазіргі заман» тақырыбында дөңгелек үстелде тереңдетіп, аналық рөлді әлеуметтік және мәдени тұрғыда қарастырды. Шараның мәні – рухани сабақтастықты, аналық құндылықтарды және түркі мәдени мұраларды бүгінгі қоғамға бейімдеп көрсету, таңғы көрменің философиялық бастамасын нақты әлеуметтік көрініске айналдыру.

Алқалы жиында Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Кыргызстан, Өзбекстан және Түрікменстаннан келген ғылыми және қоғамдық ұйым өкілдері ананың түркі қоғамындағы тарихи-мәдени орны, отбасы институтындағы рөлі, қазіргі заманғы әйел көшбасшылығы, жастарға рухани құндылықтарды жеткізудегі миссиясы жайлы сөз қозғалды. Шараға келген қазақстандық аналар делегациясының көшбас-

ой қозғады. Осындай қасиетке ие аналар ғана саналы, іскер, көшелі ұрпақ тәрбиелеп, ұлт сапасын көтере алатынын айтып, түркі тілдес халықтар жастарын тәрбиелеуде ауызбіршілікке, ынтымаққа шақырды. Сөзінің соңын «Ана тату болса, әлем тату» деп түйіндеп, бүгінгідей геосаяси ахуал шиеленіскен уақытта аналардың ауызбіршілігі ауадай қажет, – дей келіп Түркі халықтары аналарының қауымдастығын құру туралы бастама көтерді.

Назипа Ыдырысқызы, бұл орайда бүгінде Қазақстанда жиырма мыңға жуық ананың басын біріктіріп отырған Аналар кеңесінің тәжірибесі негізінде халықаралық қауымдастық жұмысын жандандыруға уәде берді. Түркия Президенті Ердоғанның көмекшісі, көпбалалы ана Шезия ханым, Әділет және Даму партиясы төрағасының орынбасары Решид Юксел, Түркияның Отбасы және әлеуметтік қорғау вице-министрі Леман Йенигүн ханымдар бұл ұсынысты жылы қабылдап, түбі бір түркі аналарының байланысын нығайтуға ықыласты екенін білдірді. Отбасы вице-министрі бұл бастаманың маңызын «Аналар – тәрбие ісіндегі ортақ құндылықты ұрпақ тәрбиесіне сіңіріп, қоғамдағы ізгілікті, парасатты мәдениетті алға жылжытудағы маңызды тұлға. Сондықтан аналар даналығы, өнегесі, озық үлгілері кеңінен тарап, ортақ тәжірибеге айналу керек. Ұрпақ тәрбиесінде шекара жоқ. Біздің озық ойларымыз, биік ұстанымымыз, тәжірибеміз ортақ игілікке айналу керек» деп атап көрсетті.

Осылайша бұл басқосуда ана тек отбасының діңгегі ғана емес, тегі бір елдердің рухани сабақтастығын

Анкара қалалық кеңесінде өткен халықаралық көрме – ананың рухани, мәдени және эстетикалық бейнесін көрнекі құралдар арқылы жеткізген мазмұнды шара. Оған қойылған 100-ден астам артефактілер, фотосуреттер, инсталляциялар, дәстүрлі киімдер бірде тарих тереңіне бойлатып, бірде сана биіктігіне көтеріп, енді бірде жаңа дәуір көкжиегіне көз салдырды. Көрмеден орын алған түркі халықтарының ұлыларын дүниеге әкелген аналар, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қатарын да заңғар жазушы Әбіш Кекілбайдың анасы Айсәуле Жұмабай, поэзия патшайымы Фариза Оңғарсынова, тамаша қаламгер Сәуле Досжан секілді қазақ халқының тарихи тұлғаларының болуы көкейде мақтанш сезімін оятты. Бұл көрме бір ай бойы жұмыс істеп, келушілерге түркі жұртының ұлы аналарымен қауыштырады.

Көрменің ең әсерлі сәті ақ ки-мешек киіп, қолына шырақ ұстап жазушы Камал Әлпейісованың ортаға шығуы болды. Қаламгер апамыз талант көп қырлы екенін ұқтырды. Оның орындауындағы «Ұмай ана» қойылымы бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен ананың ел мен жер амандығы, дүние тыныштығы жайлы аңсарын паш етіп, көрмеге қатысқан барша қауымның тілегін бір арнаға тоғыстырды.

Келушілер үшін естен кетпес сәт – қазақстандық аналар делегациясының өздері арнайы алып келген ұлттық дәмдерден ақ дастарқан жайғаны болды десек артық айтқандық емес. Халқымыздың қонақжай пейілінің салтанаты еді бұл. Қазақ бауырсағының түр-түрі, құрты, ірімшігі, жентінің дәмі тіл үйіріп қана қоймай, жүректерге ерекше жылулық сыйлағаны анық. Ал, ҚХА Аналар кеңесінің «Ақ орамал» акциясы өткен кезде бүкіл келушілер иығына бейбітшілік пен келісім символы ақ көгершін қонғандай күй кешті. Түркі әйелдері үшін ардын, абыройдың белгісіндей ақ орамал сол күні бірінің келініне, бірінің қызына, бірінің анасына жолданды. Өйткені, көрмеге келген ерлер оларды анасына, жарына, қыздарына таласып тұрып алды. Бұл біздің құндылықтарымыз ортақ ел екенімізді көрсетіп қана қоймай, ел мен елді жақындатқан ғажай рәсім болды.

Осылайша үш шара мәдени экспедицияға айналып, түркі әлемінің рухани, мәдени және әлеуметтік тұтастығын бір арнада көрсетті. Бұлар тек мәдени кездесулер емес, түркі дүниесінің рухани кодын танытқан, ана мәдениеті мен тіл арқылы болашаққа бағдар берген тағылымдық оқиғалар болды.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ ТҰТАСТЫҒЫ ПАШ ЕТІЛДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы ретте заңғар ақын әлемдік өркениеттегі түркілердің орнын ескергісі келмейтінін, оның көшбасшылық рөлін жоққа шығарғысы келетін пайымдар, тұжырымдарды жоққа шығарды. Бұл орайда ақын түркілердің тарихын V ғасырдан бастайтын қазіргі түркология – тым жас, тым тар өрісті ғылым. Адамзаттың мыңжылдықтар қойнауындағы үнін тыңдай алмаған, қалың шаң астындағы жазуларды сөйлете алмаған ғылым екендігін, шын мәнінде түркілердің дауысы әлдеқайда тереңде жатқаны айтылды. Көшпелі даланың ең көне қабаттарынан, шумерден келетіндігі жайлы ойымен бөлісті. Оның айтуынша, пирамидалардың тас қабырғасында тұрған жазулар – тек құдайлар мен патшалардың тілі емес. Онда көшпелі даладан келгендердің ізі бар. Таңбаның ырғағы, грамматиканың тынысы – бәрі бізге бейтаныс емес. Жылнамаларда «солтүстіктен келген» деп сипатталған тайпалардың тілі мен салты – кейінгі дәуірде түркілер деп аталған халықтың ерте симметриясы. Ғалымдар оны байқамайды, ал жазба өзі айтып тұр. Ал Аппенин түбегінен табылған оғыздық қабат – біздің тарихымыздың Батысқа да барғанын, қайта шығысқа бұрылғанын көрсетеді. Тасқа түскен таңба, тілде қалған түбір – ешқайда жоғалмайды. Түркітану ғылымы осы жәдігерлер негізінде даму керек.

Одан соң көрсетілген бейнефильмде Олжас Сүлейменовтің



өмірі мен шығармашылығының негізгі кезеңдері қамтылды. Бұл дүниеде ақын тұлғасының ауқымы мен гуманистік миссиясы – Шығыс пен Батысты сөз, тіл және мәдениет арқылы тоғыстырған рухани көпір ретіндегі рөлі айшықталды.

Көрменің ашылуында сөз алған «ТҮРКСОЙ» ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Раев бұл шараның түркі әлемі үшін маңыздылығын атап көрсетті. Қазақтың ұлы академигінің еңбектері қоғамның барлық саласы үшін терең мағынаға ие, өзекті бастамаларға тірек екеніне назар аудартты.

Көрме барысында жазушының әдеби мұралары ұсынылды. Экспозицияға сирек басылымдар мен мұрағаттық материалдар қойылып, автордың – «Арғымақтан» бастап «А3 и Я»-ға дейінгі шығармашылық жолын көрсетті. Оның өзегінде ана мен тіл тақырыбы – Олжас Сүлейменовтің шығармашылығын тұтастай біріктіріп тұрған басты идея. Сон-



шысы Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы Назипа Шанай ананың зерделі, парасатты және биік мәдениет иесі болуы қажеттігі жайлы

сақтайтын алтын арқау екені айтылды. Сөйтіп дөңгелек үстел – таңғы көрмеден алынған рухани әсерді нақты әлеуметтік контекстке аударған сәт болды.

ПӘРМЕН

МАС КҮЙІНДЕ КӨЛІК ЖҮРГІЗУ – ЗАҢҒА ҚАЙШЫ

Мас күйінде көлік жүргізу – заңға қайшы. Осындай заңға бағынбайтын, жауапсыз жүргізушілердің кесірінен жолдағы апаттар мен қайғылы жағдайлардың саны артуда.



Еліміздің ішкі істер министрлігі ұсынған мәліметке сай соңғы бес жылда мас жүргізушілердің кесірінен 2,5 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелген. Осы апаттардың соңы 460-тан астам адамның қара жолда қаза тауып, 3 300-ден астам адамның жарақат алуына түрткі болған. Өкінішке орай, жүргізушілердің жауаптылығын көтеріп, заң талаптарын сақтауға қатысты құқықтық мәде-

ниетін арттыруға байланысты қолға алынған шаралар әлі күнге оң нәтиже бермей келеді. Тіпті, мас жүргізушілерге берілетін әкімшілік, қылмыстық жаза да жеңіл емес.

Айталық бірінші рет көлікті алкогольді ішімдік ішіп, есірткі немесе басқа да уытқұмарлық заттарды пайдаланып тізгіндегендер Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608-бабына сай 15 күнге қамаққа алынып,

көлік жүргізу құқығынан 7 жылға айырылады. Ал осы әрекетті қайталап жасап, ұсталған жүргізушілердің әрекеті әкімшілік заңнама бойынша емес, Қылмыстық кодекс бойынша сараланып, 20 күнге қамаққа алынып, өмір бойы көлік жүргізу құқығынан ажырайтыны нақтыланған.

Заң қатал, жаза ауыр, бірақ соған қарамастан, көлікке мас күйінде отыратындар тыйылмай отыр. Тіпті, соңғы уақытта «көлік жүргізіп нәпақа табатындарын», «көлік – күнделікті қажеттілік көзі» екенін алға тартқан азаматтар жазаны жеңілдету туралы ара-тұра бастама көтеретінін де байқап жүрміз. Осындай ұсыныс айтушылар мас жүргізушінің өзіне ғана емес, маңайына да қатер екенін елеп, ескере бермейді. Шындығында, жауаптылықты білетін, заңды сыйлайтын жандар көлікке мас күйінде отырмаса керек.

Бұдан бөлек, жоғарыдағы жаза үлкен зерттеудің, сан мен сананы саралаудың нәтижесінде белгіленгені мәлім. Мас жүргізушілер саны жәй статистика емес. Бұл сандардың артында қаншама қайғы жұтқан отбасылар, жетім қалған балалар, перзентінен айырылған ата-аналар тұр. Яғни, мас күйінде көлік жүргізу – жәй заңбұзушылық емес. Бұл – адам өміріне тікелей қауіп төндіретін әрекет. Ендеше, біз мас жүргізушіге жаза тағайындағанда ең алдымен оның қоғамға, айналасына қауіпін назарға аламыз.

Мысалы, жақында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608-бабының 1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін Е.Ә.-ге қатысты іс қаралды. Өзі жұмыссыз азаматты Жахаев көшесі мен Қиязов көшелерінің қиылысында «Nissan Teana» маркалы көлік құралын алкогольді масаң күйде басқарып келе жатқанда жол полиция қызметкерлері тоқтатқан. Сот отырысында азамат кінәсін мойындай-

тынын, жеңіл жаза тағайындауды сұрап, жасаған іс әрекетіне өкінітінін айтты. Азаматтың әкімшілік құқық бұзушылық әрекеті автокөлікті басқарудағы бейнежазбамен қатар, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен, «жеңіл» дәрежелі алкогольдік масаң күйде болғаны туралы «Психикалық белсенді зат пайдалану және мас болу фактісін анықтау жөніндегі» медициналық куәландырудың қорытындысымен, көлік құралын пайдалануға тыйым салу актісімен, көлік құралын басқаруын шектеу хаттамасымен, әкімшілік ұстау және жеткізу хаттамасымен және істері басқа да құжаттармен толық дәлелденіп бекітілді. Осы жағдайларды саралай келе Е.Ә.-ні Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танып, 15 (он бес) тәулікке әкімшілік қамаққа алуға және 7 (жеті) жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға шешім қабылданды.

Бұл жерде кінәлі азаматтың «отбасылық жағдайға байланысты көлікке амалсыз отырдым» деген уәжі негізсіз. Себебі мас жүргізушінің көлік басқаруда реакциясының төмен болатыны, көліктің жүруін, оның қозғалысын дұрыс бақылай алмайтыны, жол жағдайын, орын алған күрделі сәтте дұрыс шешім қабылдай алмайтыны ешкімге құпия емес. Мұның соңы қателіктерге алып келіп, салдарынан жол-жөлік оқиғасының орын алып, жолдың басқа қатысушыларының денсаулығы мен өміріне қауіп тудыратынын күнделікті тәжірибеде көріп, біліп жүрміз. Ендеше, жүргізушілер жазаны төмендетуді емес, жолдағы жауаптылықты ойлағандары жөн.

И.ТҰҢҒЫШБАЕВ,
Қызылорда қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

ОРТАҚ КҮРЕС

ҚР Бас прокуроры Берік Асылов Біріккен Араб Әмірліктеріне жұмыс сапарымен барып, Әділет министрі Абдулла Сұлтан бин Ауад Әл Нуайми және БАӘ Бас прокуроры Хамад Саиф Әл Шамсимен келіссөздер жүргізді.

Кездесулер барысында тараптар ведомствоаралық өзара іс-қимылды кеңейту және халықаралық қауіпсіздікті нығайту перспективала-

рын талқылады. Өз сөзінде қадағалаушы органың басшысы Қазақстан мен БАӘ-нің қазіргі заманғы ұқсас қауіп-қатер-

лер мен сындарға бірдей ұшырайтынын атап өтіп, қылмысқа қарсы іс-қимыл, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелерін бірлесіп шешудің маңыздылығына назар аударды.

Сонымен қатар, Қазақстанның Бас прокуроры қылмыстық-құқықтық саладағы екіжақты

ынтымақтастықтың бірқатар аспектілерін, оның ішінде іздеудегі адамдарды экстрадициялау, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету, сондай-ақ заңсыз шығарылған активтерді қайтару мәселелерін қозғады.

Айта кету керек, биыл БАӘ-ден Қазақстанға пайдакүнемдік-зорлық сипатындағы жалпы қылмыстар жасағаны үшін күдікке ілінген 9 адам экстрадицияланды.

Сонымен қоса БАӘ Әділет министрлігі мемлекеттік органдардың қызметіндегі бюрократияны азайту және азаматтық қоғамға көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға байланысты жұмысын

Қазақстан делегациясына таныстырды.

Тараптар өзара іс-қимылды одан әрі тереңдетуге дайын екендіктерін білдіріп, тұрақты жедел ақпаратпен алмасудың және қылмыспен күрестің тиімділігін арттыруға бағытталған бірлескен бастамаларды іске асырудың маңызын атап өтті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша тараптар қазіргі ынтымақтастық деңгейін жоғары бағалап, оны кеңейту мен нығайту жөніндегі кейінгі қадамдарды айқындады.

ҚР Бас прокуратурасының баспасөз қызметі

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазысаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

10. «ESSE ONE» ЖШС, БСН 150640024494, өзінің жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Химия зауыты аймағы, 1-ғимарат, пошта индексі: 110000. Тел. +7-701-533-4261.

21. «Emporium (Емпориум)» ЖШС, (БСН 140940011749) өзінің жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050000, Қаскелең қаласы, Кеңдала көшесі, 14/1-үй.

22. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 17 қарашадары №7527-25-3-1/19473 ұйғарымымен (БСН 090540017454) «Golden Hill Group» ЖШС-нің отінші бойынша оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Кредиторлардың талаптарын уақытша әкімші Ким С.В. қабылдайды. Қабылдау мерзімі: 2025 жылғы 19.11 – 2025 жылғы 19.12 аралығы. Байланыс деректері: +7 (701) 223-09-84, kimsvet69@mail.ru.†

23. «Тобольский элеватор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі барлық мүдделі тұлғаларды 2025 жылғы 3 желтоқсанда сағат 10.00-де Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Тобыл кенті, Элеваторная көшесі, 6-үй мекенжайында орналасқан темір жол тәсәдерін иеліктен шығару бойынша төңдер өткізілетіні туралы хабарлайды. Төңдерге қатысты сұрақтар бойынша мына телефонмен хабарласуға болады: +7 (71436) 21270.

24. Сенім білдірілген өкіл Аристанов Жанат Жумабекович (Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 29, 319/1-кеңсе, +7 776 712 87 78) 2025 жылғы 9 желтоқсанда сағат 10:00-де кепіл мүлкін сату бойынша сауда өткізеді. Сауда Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 29, 319/1-кеңседе өткізіледі. Кепіл мүлкі – үш тұрғын бөлмеден және басқа да қосалқы бөлмелерден тұратын, жалпы аланы 94,8 шаршы метр, оның ішінде тұрғын алаңы 53,3 шаршы метр болатын, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 10-үй, 259-пәтер мекенжайында орналасқан пәтер. 5 000 000 (бес миллион) теңге мөлшеріндегі кепіл жарна сауда басталар алдында сенім білдірілген өкілге қолма-қол төленеді. Сатып алу бағасы сауда аяқталған сәтте қолма-қол төленеді.

МҰРАГЕРЛІК

11. 16.12.2004 ж. Мирманова Күралдың қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлері нотариус А.А.Оразалиеваның кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуін сұраймын. Мекенжайы: Талғар қаласы, Лермонтов көшесі, 47 үй, офис 54. Тел. 8 747 700 05 88.

ЖОҒАЛТУ

7. ИП Asenov Logistics Асенов Гафуржан Салихановичтың атына тіпкелген 211 АЕМ 07 жүк тасымалдау көлігіне берілген Беларус Республикасының Комуникация және транспорт Министрлігінің Б № 5252999 «ДОЗВОЛ» жарамдылық мерзімі 31.01.2026 жыл құжатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency.kz» Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99. г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509 e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «ТRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

(Соңы. Басы өткен №87–89 сандарда)

– Ақша үшін, – деді киллер селт етпестен.
– Ал сен, Тұман... енді шындық айтатын уақыт келді, – деді де, сыртқа беттеді.

* * *

Тұманмен сөйлесуге Жанар келді. Кішкентай сұрақ-жауап бөлмесі. Үстелдің арғы жағында – киллер. Көздері суық, міз бақпай отыр.
Кеудесін ащы шер кернеген Жанар оның көзіне тіке қарады, сұрқия көздерін бірден таныды. Сұр қабырға. Төбеден түсіп тұрған жарықтың астында екеуі. Кішкен-

сенің сеніміңе кірген адамның түбіңе жеткенін көру қандай ауыр... Сен оны бауырым деп едің, ал ол жауың болып шықты. Сенің аманатыңды аяққа таптады. Енді не болмақ? Әділет бар ма? Сот бұл зұлымдықтың жазасын бере ала ма?»

Болат енді тергеуге толық тартылды. Абылайдың алдында соңғы кезең: киллерді анықтап, беттестіру және сотқа дейінгі материалды жабу.

Ауа біртүрлі ауыр. Тергеу басқармасының арнайы бөлмесіне екі адам қатарынан кіргізілді. Бірі – Болат Қожабаев. Екіншісі – ұзын бойлы, бетінде тыртық іздері бар белгісіз ер адам. Ол – киллер.
Кіре бергенде Болаттың беті ду етті. Қаны жүзінен қашты.

гін емес, армандарын өлтірді. Абылай орнынан баяу тұрды. Көзіне жас келгені байқалды, бірақ түрі сабырлы.

– Жанардың кешірімі – Алланың алдында. Ал мен мемлекет атынан істі сотқа жіберемін. Бұл заң – ақиқатты сөйлейтін заң!
– Мен жеңбедім. Ақиқат жеңді. Ақиқат ауыр, бірақ ол – жалғыз жол. Жомарт енді қайтып келмейді. Бірақ бұл іс – бір адамның ғана емес, тұтас ұрпақтың әділетке жеткен күні. Бұл – адалдықтың бағасы.

* * *

Көп кешікпей Сот басталды. Зал тып-тыныш. Тек төрағаның үстелді жайлап тықылдатқан ды-

жасалған қиянат. Ол сені бауырына тартып еді, сен оның жанын қидың. Мемлекеттің ақшасын жымқырдың, бірақ ол аздай – адал досыңды саттың. Сен үшін үкімді бүгін сот, ал Алла жазанды баяғыда шығарып қойған! Зал сілтідей тынды.

Жанардың дауысы қатты шыққан жоқ, бірақ әр сөзі найзадай қадалды.

Киллер көзіне жас алды:
– Мен адастым... Жаңылдым. Кешіріңіз, – деп міңгірледі.

Тек Болат қана үнсіз тұрды. Ол тіпті көзін төмен салмады.

Сот үкімі шықты.
Сот залын ауыр тыныштық басты. Адамдардың сыбырлап сөйлескені ғана естіледі. Бәрінің көкейінде бір сұрақ: «Әділет орнай ма?»
Сот төрағасы үкімді жариялады:
– Айыпталушы Болат Қожабаев – 15 жылға бас бостандығынан айырылсын. Қылмысты тікелей орындаушы – 17 жыл 6 айға сотталсын.

енді барлығынан айырылғанын түсінді.

Жанар Болат пен Тұманға қарап:

– Сендер мені әлсіз деп ойлайсыңдар. Жоқ! Мен әлсіз емеспін. Ал сендер – нағыз қорқақсыңдар! Біреуің тапсырыс беріп, екіншің орындап, ақыры әділеттен қаша алмадыңдар!

Судья үнсіз қалды. Прокурор құжаттарын жинай бастады. Залдағы адамдар Абылайдың батылдығына, хас шеберлігіне, тапқырлығы мен даналығына таңырқап, бір-біріне қарасты. Кейбірі оның әділдігіне риза болып, бас изеді. Болат ақырына дейін міз бақпады. Оның жүзінде өкініш те, ұят та байқалмады. Дегенмен, ол Жанардың көзіне тіке қарай алмады.

Сот залынан шығып бара жатқанда Жанар Абылайға алғысын айтты. Сол сәтте бір журналист иығынан қағып:

– Абылай мырза, қысқаша сұхбат берсеңіз, бұл соттан қандай ой түйдіңіз?

Абылай сәл жымыып, тұтас залға көз жүгіртіп:

– Бұл – жай ғана сот емес. Бұл – адамдық пен арсыздықтың шайқасы. Әділет жеңді. Бірақ қуанып тұрғаным жоқ. Себебі әділет орнағанда – бір адам тіріліп келмеді. Тек бір үміт – келесі әділетсіздікке жол бермеу. Содан соң сәл кідіріп, төмен қарап:

– Сот – қағазға қараса, Ар – АЛЛАҒА қарайды – деді.

Залдағы жұрт үнсіз қалды.

Сот залынан адамдар шығып жатты. Бірі қабағын түйсе, бірі әділдіктің орнағанына іштей риза болды. Ең бастысы – Абылай сот залынан кеудесін тік ұстап шықты. Ол өзіне артылған ауыр жүкті еңсесімен емес, жүрегімен көтеріп шықты. Оның соңынан Болаттың адвокаты ілесті. Ол әлі де Болатты ақтап алудың амалын жасамақ екен.

– Бұл – кісі өлтіру емес, қасақана жасалған әрекет те емес. Болат оны қорқытпақ болды, бірақ бәрі абайсызда орын алды. Қолымызда әлі де дәлелдер бар. Біз апелляцияға береміз, – деп өзінше біреуге емес, өзін сендіргісі келгендей сөйледі.

Абылай тоқтады да басын жай ғана шайқады:

– Сендер шындықты бұрмалауға қанша тырыссаңдар да, әділет деген нәрсе бір-ақ сәтте жарқ етіп, жалғанның бетін ашады. Апелляцияға еркін беріңдер. Бірақ сендер жеңбейсіңдер. Сендер баяғыда жеңіліп қойғансыңдар! Абылай бұрылып жүре берді. Сот ғимаратынан шыққанда әділдік жеңгенін табиғатта құптағандай аспандағы қара бұлт сейіліп, күн сәулесі маңайға нұрын төкті.

Түнде Абылай аспанға ұзақ қарап тұрды.

Жұлдыздар жымыңдап, оған «әділет орнады» деп жауап бергендей. Әділет деген не өзі? Сот үкімі Жомартты қайтара алды ма? Жоқ. Бірақ жауыздық өз жасасын алды!

* * *

Абылай отбасында – жай ғана әке. Бірақ сыртта – бір халықтың ар-ожданын арқалап жүрген жауынгер. Ол көлдің бетіне ұзақ қарады. Күннің алтын сәулесі су бетінде ойнап тұр. Кенет көлден Жомарттың бейнесі жылт етіп көрінгендей болды. Сол сәтте жел де соқпай қалды. Бар әлем тыныштық құшағына енгендей. Абылай ақырын ғана көлдің бетіне үңілді.

Ол су бетінен әділеттің нұрын көрді...

Алмагүл СЕРІКҚАЛИЕВА

АР ЖАЗАСЫ –

тай үстел. Арғы жағында – Тұман. Мұздай көз. Ал қарсысында – Жанар. Жүрегі шоққа оранған, көзінде жас, бірақ дауысында – темірдей салмақ бар. Жанар тісін тістей, көзінен жас ағып:

– Сен... сен менің күйеуімді өлтірдің.

Тұман кекесінмен, мұздай күлкімен:

– Иә. Бірақ мен өзім үшін емес.
– Білемін. Сен – жалдамалы жауызсың. Ал мен шындық іздеп келдім. Айт, кімнен тапсырыс алдың?
Тұман иығын қиқаң еткізіп:

– Менің атымнан тек адвокат сөйлейді.

Жанар ашумен орнынан тұрып, үстелді нұқып:

– Сенің адвокатың енді сені бұл тозақтан құтқара алмайды! Саған бұйрық бергендер, қазірдің өзінде сатып кетті. Қалған ғұмырың темір тордың ар жағында, не көрде аяқталады! Тек қазір ғана аз да болса адам болып қалуға мүмкіндік бар. Шындықты айт!

Тұман көзін тайдырып:
– Егер мен шындықты айтсам, мені өлтіреді.

Жанар жан дауысымен:

– Ал менің күйеуімді сендер өлтірдіңдер! Ол тірі болу үшін күресті. Халыққа қызмет етті. Ал сен не үшін өлтірдің? Ақша үшін бе? Бес-ақ миллионға арыстай азаматтың өмірін қалай қидың?! Жомарттың өмірі бес миллион ғана болғаны ма? Сол ақшаны сен еңбекпен де таба алатын жігітсің. Тепсең темір үзесің.

Тұманның дауысында өкініш бар:

– Иә, ол маған ештеңе істемеген еді... Білесің бе, мен спортшы едім... ел үшін күрестім... Бірақ бір сәттік әлсіздік, бір қате таңдау... Қарыз, қысым, бопсалау... Сосын келді олар. «Бәрі оңай болады», – деді. Оңай болмады...

Жанар жылап:

– Сен оның өмірін тартып алдың. Менің үмітімді өлтірдің, балаларымды әкелерінен айырдың. Сенің қателігің бір адамның тағдырын ғана емес, бүтін ұрпақтың болашағын күйретті. Сен тек бір адамға оқ атпадың, сен әділетке оқ аттың.

Тұман төмен қарап:

– Маған қорған керек. Егер Прокуратура қорғауға келіп берсе, мен тапсырыс берушінің атын атаймын.

Жанар кең тыныс алып, көзіндегі жасты сүртіп:

– Жақсы. Мен сенің сұрауыңды полковникке жеткіземін. Бірақ есінде болсын: мен шындық үшін соңына дейін барамын!

Киллер үнсіз. Болаттың жасаған сатқындығы мен қаржылық алақтығы ашылуға жақын.

Жанардың ішінен: «Жомарт,



АҚИҚАТ АЙНАСЫ

Абылай бөлменің арғы жағынан келіп, үстелге отырды.

– Бұл – жабық беттесу. Барлық сөз жазылады. Айтылған әрбір шындық – сот алдында дәлел болады. Киллер алғашқы болып сөйледі. Дауысы сәл дірілдесе де, шынайы.

– Менімен байланысқан адам – Болат Қожабаев. Ақша төлейтінін, іс жеңіл болатынын айтты. «Жай ғана қорқытып қой» деді алғашында. Кейін өлтіруді бұйырды. Ақшаны екі бөліп аударды.

Абылай Болатқа қарады. Ол үнсіз.

Абылайдың дауысы қатайыңқырап шықты

– Болат Қожанов, не дейсіз? Бұл айыпты мойындайсыз ба?

Болаттың басы салбырап тұр. Көзін төмен салып, тістене жауап берді:

– Мен... мен Жомарттың орнында өзім болуым керек еді. Ол... ол мені әрдайым төмен қойды. Сол себептен ешқашан өз биігіме жете алмадым. Оның көлеңкесінде қалудан шаршадым.

– Сол үшін бауырды өлтірдің бе? Сен оның берген мүмкіндігін емес – жарығын көре алмадың. Сен өлтірген адам – саған баласындай сенген жан. Енді сені де ар-ұятың өлтіреді!

Киллер қайта сөйледі:

– Мен түрмеден қашпаймын. Бірақ Жомарттың жары – Жанар болса, кешірім сұрағым келеді. Менің қолымдағы оқ – оның жүре-

бысы естіледі. Күздің сұрғылт күніне ұқсас ауыр атмосфера орнаған. Қылмыстық істің мән-жайын бәрі білсе де, соттың қандай үкім шығаратынын ешкім дөп басып айта алмайды.

Сот төрағасы Қасым Жайсанбайұлы:

– ҚР Қылмыстық кодексінің 99-бабы, 2-бөлігі – қасақана адам өлтіру бабы бойынша айыпталушы Болат Қожабаевқа қатысты сот отырысы басталды.

Айыпталушылар орындығында – Болат. Жүзі суық. Жанарында өкініштің ізі жоқ. Міз бақпай тұр. Жанында – киллер. Үкім оқылмай жатып-ақ мойнын салбыратып, жерге қарап, екі қолын айқастырып алған. Ол сот басталғалы бері Жанарға қарай берді.

Кенет сот төрағасы Жанарға көз тастады:

– Сіз заңгерсіз бе?

Зал іші күбір-күбір. Жанар тосын сұрақтан сәл тосылып қалды да, тез жинақталды:

– Жоқ, заңгер емеспін. Бірақ колледжде құқық негіздерінен сабақ бердім. Құқықтанушымын, – деді нық дауыспен.

Сот төрағасы басын изеді:

– Сізге сөз беріледі.

Жанар терең дем алып, сөйледі.

Дауысы сот залын кернеді:

– Болат, сен жарымды өлтірдің. Оған қастандық жасадың. Бірақ сенің ең үлкен қылмысың – сенімге

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6047 дана
Апталық таралым 12094 дана

Тапсырыс №179 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ